

**2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарды анықтау және нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесін белгілеу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 ақпандағы N 52 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 наурызда N 2620 болып тіркелді

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабы 2 тармағына, 7 бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының аумағында тұратын нысаналы топтары анықталсын:

- 1) аз қамтылғандар;
  - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
  - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
  - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыз басты, көп балалы ата-аналар;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
  - 6) зейнеткерлік жас алдындығы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
  - 7) мүгедектер;
  - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
  - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
  - 10) оралмандар;
  - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
  - 12) жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші – жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлердің санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
  - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.
2. 2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарына жататын қосымша тұлғалар тізбесі белгіленсін:
- 1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

- 2) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;
  - 3) он екі ай және одан артық уақыт жұмыс істемеген тұлғалар;
  - 4) отбасында жұмыс істейтіндері жоқ тұлғалар;
  - 5) уақытша және маусымдық жұмыстарға қатысқан жұмыссыз тұлғалар.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің орынбасары Ж. Б. Сыздықовқа жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Тұрысбеков*